

Қаракемер мектеп-балабақшасының «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының жетекшісі Г.Жұрымбаевадан 2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстары жөнінде

Ақпарат

«Ұшқыр ой» дебат клубының 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жоспары құрылып, клуб отырысында президенті болып 9-класс оқушысы Таңжарбаев А., бас төрешісі 9-класс оқушысы Жауғашты Н. сайланды. Клуб мүшелеріне Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Дебат клубының қызметі жыл сайын қыркүйекте клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Дебат клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 35-тармағы және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. Дебат клубының қызметі жариялылыққа, ашықтыққа, әрбір мүшесінің пікірін ескеруге, мәселелерді еркін талқылауға, ұжымдық шешімдер қабылдау қағидаттарына негізделеді.

Дебат клубы әкімшілікпен, педагогтермен және өңірлік дебат клубымен өзара тығыз байланыс жасайды. Дебат клубы жұмысының негізгі нысаны – дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу. Дебаттық турнир Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша жүргізіледі. Дебат клубы өз қызметін бүкіл оқу жылы барысында, каникулдарды қоса, іске асырады. Клуб құрамында 5 оқушы бар. Әр кластың өз атауларымен фракциялары бар. Дебат клубы – бұл оқушылардың Жалпыұлттық пікірсайыс қозғалысы шеңберінде шығармашылық бірлестігі қызметін атқарады. Дебат клубының қызметі жалпы мәдени, зияткерлік, зерттеу, коммуникативтік, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бірінші тоқсанда клуб мүшелерімен «Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі» тақырыбында мектепшілік турнир өткізілді. Клуб жетекшісі Г.Жұрымбаеваның ұйымдастыруымен каникул кезінде «Мен және менің құқығым» турнирі өткізілді.

2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанында дебат клубының қызметі клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Клубтың кіші тобына спикерлер қызметі, қарсы сұрақ жауаптар, ойынға сараптама жасаудың түрлері, уақыт төрешінің қызметі, пікірсайыстағы сойлеу мәдениетін қалыптастыру туралы мәліметтер беріліп, практикалық сабақтарда «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық штаб жұмысын жандандыру,

дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар берілген тақырыптарға кейс құрып, аргумент тауып, топтарға бөлініп, өз қарарларын қорғады.

Ал клубтың үлкен тобына пікірсайыс ережесі туралы, кейсті қалай құру керектігі, тақырыпты анализдеу, проблемалық блок туралы айтылды. Оқушылар пікірсайыс тақырыбын анықтап, пікірсайысшы кейсі, кейс түрлері жайында мәлімет алды. Практикалық сабақтарда кейс дефинициясын, кейс критерийін, кейстің философиясын құру жолдары, кейсті қорытындылау, төрешілік, таймкипер міндеттері үйретілді. Жоспарға сәйкес «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз» атты мектепшілік турнир өткізілді. Оған 7, 8, 9-кластардың фракциялары қатынасты. Ойын алдында дебатшыларға Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Ойын барысында оқушылардың қарарларды ашуда, аргумент құруда, ақпараттар жинауда біраз еңбектенгені байқалды.

2022-2023 оқу жылының 3-тоқсанында дебат клубының қызметі клубтың жалпы жиналысында қабылданатын және білім беру ұйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Клубтың кіші тобына пікірсайысқа дайындалу кезеңдері және жүйелілік, жаттықтырушы қызметі, төрешілік ету, төреші этикасы, флоушетті толтыру, пікірсайысқа дайындалуда ақпарат құралдарын қолдану, ақпарат құралдарын қолдану мәдениеті, сөздіктер және интернет жүйесін қолдану маңызы, интернет жүйесін қолдану мәдениеті, кейсті құрастыру туралы мәліметтер беріліп, практикалық сабақтарда «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық штаб жұмысын жандандыру, дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар берілген тақырыптарға кейс құрып, аргумент тауып, топтарға бөлініп, өз қарарларын қорғады.

Ал клубтың үлкен тобына пікірсайыс форматтары, ойынға қатысушылардың қызметі, америкалық формат, Карл Поппер форматы, парламенттік формат, британдық парламенттік формат, Линкольн-Дуглас форматы, Президент-Демократ форматы, дебат аргументациясы, дебаттағы контраргументация, пікірсайыс тактикалары, сараптама туралы айтылды. Оқушылар пікірсайыс тақырыбын анықтап, пікірсайысшы кейсі, кейс түрлері туралы білді. Практикалық сабақтарда кейс дефинициясын, кейс критерийін, кейстің философиясын құру жолдары, кейсті қорытындылау, төрешілік, таймкипер міндеттері үйретілді. Жоспарға сәйкес «Мектеп – кеме, білім – теңіз», «Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайық!», «Кімге алғыс айтар едің?» атты мектепшілік турнирлер өткізілді. Оған 7, 8, 9-кластардың фракциялары қатынасты. Ойын алдында дебатшыларға Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Ойын барысында оқушылардың қарарларды ашуда, аргумент құруда, ақпараттар жинауда біраз еңбектенгені байқалды.

2022-2023 оқу жылының 4-тоқсанында клубтың кіші тобына кейсті қорғау, өзекті тақырыптарды таңдай білу, дебат оқушылардың логикасын дамытудың ролі, Карл Поппердің пікірсайыс форматының ерекшелігі, пікірсайыс қызметі, уақытқа төрешілік ету маңыздылығы, ережені сақтау маңыздылығы,

өткізілген ойынды саралау туралы мәліметтер беріліп, практикалық сабақтарда «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық штаб жұмысын жандандыру, дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар берілген тақырыптарға кейс құрып, аргумент тауып, топтарға бөлініп, өз қарарларын қорғады.

Ал клубтың үлкен тобына сұрақтың мақсаты мен түрлері, ұтымды жауап беру тактикасы, қарама-қарсы сұрақтар негізі, ақпаратты дұрыс іздеу және тексеру жолдары, ақпараттың сапасына қойылатын негізгі талаптар, «Ми шабуылы» технологиясы», «Әділеттілік» қағидасы және төрешілік әдебі, төрешілік түрлері, шешімге әсер ететін факторлар және топты бағалау, фидбек және төреші парағымен жұмыс, пікірсайысты пән және пән элементі ретінде қарастыру, сабақ барысында пікірсайысты ұйымдастыру, пікірсайысты қазақ тілі мен әдебиет сабағында қолдану, пікірсайысты тарих пәнінде қолдану, пікірсайыстан кейінгі рефлексия және бағалау үйретілді. Жоспарға сәйкес мектепшілік турнирлер өткізілді. Оған 7, 8, 9-кластардың фракциялары қатынасты. Ойын алдында дебатшыларға Америкалық парламенттік форматы (АПФ) бойынша мәліметтер берілді. Ойын барысында оқушылардың қарарларды ашуда, аргумент құруда, ақпараттар жинауда біраз еңбектенгені байқалды. Өткізілген жұмыстар желі бетіне орналастырылды.